

**ЖШС "GS Altyn Ai" бөбекжай –балабақшасының  
өзін – өзі бағалау нәтижелерін қорытындылау.  
Кезектен тыс педагогикалық кеңесінің  
№ 5 хаттамасы**

Қатысқандар: 7

Күні: 23.01.2026ж

Төрайымы: Г.Алмағамбетова

Хатшы: Н.Болатова

Күн тәртібінде:

1. ЖШС "GS Altyn Ai" бөбекжай балабақшасының өзін-өзі бағалау қорытындысының нәтижелерімен таныстыру.

**Тыңдалды:**

Өзін – өзі бағалау комиссия төрайымы балабақша меңгерушісі Г.Алмағамбетова мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижесінің қорытындысы бойынша есеп берудегі сөз кезегін тәрбиеші Р. Бухарбаева ұсынды.

**1.** Р. Бухарбаева сөз алып педагогикалық кеңеске қатысушыларды өзін-өзі бағалау бойынша жүргізілген жұмыстардың қорытынды нәтижелерімен таныстырды.

Мектепке дейінгі ұйым 2022 жылы қараша айында ашылған. Үш топтық 70 орындық мемлекеттік тапсырыс орналастырылған. Балабақшаға балаларды қабылдау [gu.almobl.kz](http://gu.almobl.kz) электронды портал арқылы іске асырылған. Балалардың жеке құжаттары мемлекетті қызмет қорсету тізіміне сәйкес қабылданады.

Мектепке дейінгі оқытудың мазмұны: Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына 1 қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымша басшылыққа ала отырып әр топтың күн тәртібі құрылып, перапективалық жоспары құрылып ,апталық циклограммалар жасалынған, оның ішіндегі ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің тақырыптары мен мақсаттары көрсетілген.Барлық аталған құжаттар бекітілген.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік

қағидаларының жалпы ережесіне сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар қызмет тәртібіне сәйкес қағидада көрсетілген бөлімдер бойынша жұмыс атқарады. Мектепке дейінгі ұйымда мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мамандығы бар қайта даярлау курстарынан өткен педагогтер жұмыс жасайды. Жалпы балабақшаның штаттық кестесі 20 бірлігін құрайды, оның ішінде педагогтер -7. Әдістемелік ұсынымдардың 4,5 қосымшаларына сәйкес тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық техникалық база толық қамтылған, қолжетімді білім беру үшін жағдай жасалынған, білім алушылардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілген.

Тәрбиеленушілердің жеке даму мониторингі, жеке даму карталары жасалынған. Тәрбиеленушілердің білім сапасының қорытынды нәтижелері шығарылған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарында белгіленген оқу жүктмесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі сақталынған.

2. Өзін-өзі бағалау комиссия төрайымы ЖШС "GS Altyn Ai" бөбекжай балабақшасының меңгерушісі Г.Алмағамбетова сөз алып, қатысушылардың алып - қосатын және туындаған сұрақтары, ескертулері «бар, жоқ» туралы сұрады. Қатысушылар қорытынды есепті бір ауыздан мақұлдады.

### **Шешім:**

1. ЖШС "GS Altyn Ai" бөбекжай - балабақшасының бағаланған жұмыс нәтижелері жақсы көрсеткіш деп танылсын.
2. Алматы облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне 2026 жылы ақпан айында өтетін мемлекеттік аттестаттау бойынша өзін-өзі бағалау құжаттары аттестаттауға ұсынылсын.

**Комиссия төрайымы:**



**Г.Алмағамбетова  
Р. Бухарбаева**

**Хатшы:**

**Н. Болатова**